

жұмылдыру. Қайткенде де, адам болуға, адам құрлы өмір сүруге ұмтылу.

Қанағат деген қазіргі нарық заманында да керек-ақ. Қанағат, рақым, ынсал, ұят болса, елімізде жемисорлық осылай жайылып кетер ме еді? Бүгін де Абайша айтуға болады: «Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен, Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?» Шәкәрім Абай атап көрсеткен «Бес асыл іске» адам атын шыаратын тағы сөзін мінәзді атап қосады: «Өзге жақсы мінездің бәрі дағы Шығады осылардан түгел деңіз. Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан, Анық төмен болмай ма хайуаннан. Ынсал, рақым, ар, ұят табылмаса, өлген артық дүниені былғатаннан» – дейді.

Атақты неміс философы И.Канттың адам туралы ілімінің – антропологиясының – бір сұрағы «Мен неге үміт арта аламын?» деп қойылған. Оған ол: «Бәріне де, тіпті Құдайға да үміт артуға болады. Бірақ, түбінде бәрі адамның өзіне келіп тіреледі» – деп жауап берді. Осындай күрделі сұраққа нақты жауапты Абай ілімінен де табуға болады:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтан,

Әуре етеді ішіне қулық сақтан.

Өзің сен, өзіңді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жасаптан.

Тереңдік деген, түсінік деген осы емес пе? Бұл да – Абай ілімінің әлемдік философиямен ұштаасып жатқандығының бір көрінісі. Абай тек қазақ философиясының ғана өкілі емес. Ол, Президент атап көрсеткендей, «Әлемдік мәдениеттің тұңғасы», «Ғұлама Абай», – деп жазды К.Тоқазев, – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемелгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады».

Абайда «толық адам» туралы ғажап ілім бар. Толық адам – жан-жақты жетілген адам. Адам қалай толық болады, өсіп жетіледі? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», – дейді Абай. Тағы бір жерде: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» – деп өз ойын нақтылай түседі. «Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен, ыстық жүрек, өң шырай, қуат пен күш», деп тағы қайталайды. «Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек, қарекет қылмақ, жүгірмек.

Ақылмен ойлап сөйлемек», – деп. Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді.

Батыс философиясында ақыл туралы көп айтылды. Қайратқа, практикалық ақылға, дүниені өзгертуге көп мән беріледі. Бірақ классикалық, ғылыми философияда, айталық, Гегельде, Марксте жүрек туралы сөз болмайды. Тек бір данышпан Влез Паскаль таным құралдарының қатарына ақыл, парасатпен бірге жүректі де қосады. «Біз ақиқатты ақыл арқылы ғана емес, жүрек арқылы да тани аламыз», – деп жазды. Жүрек негі тани алады? Сыртқы дүниені ме? Жоқ, адам өмірінің қырлары мен сырларын. Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Ақыл мен қайрат «өзім білемдікке», «әлім жетікке» салынды көп нәрсені бұлжыру мүмкін. Адам өмірінде ізгілікке қатысты нәрселердің бәрі жүректің қалауымен болады. Құдайды қалайтын – жүрек. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүрек ісі. Оң төртінші сөзінде: «Рақымдылық, мейібандылық әр істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі»... «Тіл жүректің айтқанына көнесе, жалған шықпайды. Амалың тілің алса, жүрек ұмыт қалады» (оң төртінші сөз).

Абай ілімінің тағы бір ерекше сипаты – гуманизм. Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Осы мәселеде біз тағы да Абаймен бірге әлемдік философия деңгейіне шыға аламыз. Абайда даналық деген аттына сай нағыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз. Қазіргі Батыс философиясында «жалғыздық» деген өзекті мәселе бар. Жалғыз болды деп біз Абайды да айта аламыз: «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным», – дейді. Тағы бір жерде: «Досты қайдан табарсың, кенесерге адам жоқ. Әрлі-берлі шабарсың, жалғыздықтан жаман жоқ», – дейді. Батыстағы ғылыми философияның ірі жетістігі – диалектикалық теория, метод, көзқарас ретінде жан-жақты дамытқаны. Диалектика – дүниенің, өмірдегі шигеленіскен қайшылықтарды танып, шешу жолдарын ұсынады.

Өмір – тартыс, күрес, қайшылық. Еш нәрсе бір күйде қалып қоймайды, өзгереді, дамиды, жоқ болады. Адамға ештеңе де оңайлықпен қолға түспейді. Бәріне де ол

Тілекқан РЫСҚАЛИЕВ. Абай жолы – дамудың данғыл жолы

енбекпен, күреспен ие болады. Осындай диалектикалық түсінік Абай өлеңдерінде де, қара сөздерінде де кездеседі.

*Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
Илтип екі басын ұстаған хақ.*

*Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ.
Құлап кетпе, тұра шық, кезіне бақ.*

Өмір осындай қайшылыққа толы болса, онда оның екі жағында, оның да, солын да, жақсысын да, жаманын да көре білу керек, тану керек.

*Жас қартаймай, жоқ тұман,
тұған өлмек,*

*Тадыр жоқ еткен өмір қайта келмек.
Баққан із, көрген қызық артта қалмақ,*

*Бір құдайдан баққаның бәрі өзгермек
Тағы бір өлеңінде: «Адамзат – бүгін*

*адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқындап алдар бірақ.
Ертең өзін қайдасың білемісін,*

*Өлмек үшін тұғансың, ойна шырақ...»
– деп жазды.*

Диалектикалық пайымдау деген осы. 20 сөзінде Абай мынадай диалектикалық тұжырым жасайды: «Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тарапа бірқалыпты тұрмақты берген жоқ», – дейді. Абай адамға да диалектикалық тұрғыдан қарайды: адам, аса күрделі, шексіз, қабағ-қабақ қасиетерден тұратын жұмбақ құбылыс. Сондай жұмбақ адам – Абайдың өкесі Құнанбай. Абайдың өзі де – жұмбақ: «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – деп ескертті. Абайдың:

*«Өлі деге сия ма, ойдандаршы
Өлмейтүзген артына із қалдырған»,*

– деген сөзін бәріміз білеміз. Мына сөзін де Абайдың өзіне қаратып айтуға болады:

*Бұл өмірдің қызығы махаббатпен
Көрге кірсен, Үлгіі жақсы атақпен.*

*Артамыға сөзің мен ісін қалса,
Өлең де өлгесімен боласың тең.*

Мәдениеттегі Абай әлемінің тағы бір қыры – аудармашылығы. Бұрын да, қазір де аударма мәселесі өзекті болып тұр. Абайдың, Махамбеттің, Шәкәрімнің өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармалары мені қанағаттандырмалы. Бетімен қалқиды, түбіне, тереңіне бойламайды. Абай айтқандай, тереңге бет қоймайды. Орыс тіліндегі аудармалардан Абайдың, Шәкәрімнің ақындығын аңғаруға болар,

бірақ ойшылдығын, даналығын аңғару қиына соғады. Ал, Абайдың өзінің Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударған өлеңдері түпнұсқаға формасы жағынан да, мазмұны, тереңдігі жағынан да сайма-сай келіп тұрады. Бұл Абайдың түсінігі терең әрі жан-жақты екендігін көрсетеді. Мысал ретінде Абайдың М.Ю.Лермонтовтың «Из Гете» атты өлеңінің аудармасын келтірейін. Бұл өлең бәрімізге таным.

*Қараңғы түнде тау қалағын,
Ұйқыға кетер балбырап.*

*Даланы жым-жырт, дел-сал қыл,
Түн басарды салбырап.*

*Шаң шығармас жол-дағы,
Сікіне алмас жалаырақ.*

*Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.*

Енді орысша нұсқасын келтірейін.

*Салыстырып көріңдер.
Горные вершины
Тихие долины
Спят во тьме ночной.*

*Полны свежей мглой.
Не дрожат дорожки,
Не дрожат листы.*

*Подожди немного,
Отдохнешь и ты.*

Пушкиннің «Евгений Онегин» деген өлеңмен жазылған романынан Абай аударған «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Татьяна сөзі», «Онегин сөзі» деген өлеңдері де аударманың классикалық үлгісі болып табылады. Ал Абайдың Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа», «Қара мен түлкі», «Бсек пен бұлбұл», «Бақа мен өгіз» сияқты өлеңдері орыстар мен қазақтардың арасында да орын алатын надалдықты, данғойлықты, әліп білмей, әлек болатын есерсоқтықты, істің жайын түсінбейтін тайыздықты, алды-артын ойламайтын алаңғасарлықты шебер суреттейді. Бұл өлеңдер, бір жағынан, дәлме-дәл Қрыловтікі, екінші жағынан, Абайдың дәл өзінің болып шыққан. Даналық деген осы, тереңдік деген осы. Абай тектен тек Крыловаға айрықша көңіл бөліп отырған жоқ. Философияның бір қыры – сыншылық болса, Абай туындыларында бұл да лайықты орын алады.